

ЖОЛЖАЗБА

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы жыл сайын ұдайы түрде бірнеше ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып келеді. Солардың бірі – Ғылым және Жоғары білім министрлігінен ұтып алған «Алтай қазақтарының белгілер жүйесі мен таңбалары» атты гранттық жобасы. Бұл жоба 2024-2026 жылдарға арналған.

Алтайдағы ағайынға сапар

Жалпы, “Берел” музей-қорығы Алтайды мекен етіп отырған көрші мемлекеттердегі музейлермен әріптестік байланысты үнемі жалғастыруда. Мысалы, аталған жоба аясында, былтырғы жылы Алтай Республикасындағы «Алтай қазақтарының музейімен» меморандум жасасқан болатын. Биылғы жылы Монғолия мемлекетінің Баян-Өлгей аймағында орналасқан «Баян-Өлгей аймақтық музейімен» әріптестік келісім-шарт жасасты.

Музей-қорықтың ғылыми қызметкерлері жобаның күнтізбелік жоспарына сәйкес тамыз айында Монғолияның Баян-Өлгей аймағында ғылыми экспедицияда болып қайттық. Ең алдымен, экспедицияға шығардан бір апта бұрын Өлгейдегі музей басшысы Айшагүл Азаматқызымен телефон арқылы тілдесіп алдым. «Сіздерге барайық деп едік, екі музей арасында келісім-шарт жасассақ» деген ұсынысымды жеткіздім. «Екі ел арасындағы байланыстың артуына біз де асықпыз. Бірақ сіздермен келісім-шарт жасасу үшін біз Монғолия мемлекеті Сыртқы істер министрлігінің рұқсатын алу керекпіз. Ол үшін біздегі аймақ әкіміне хат жазасыздар», – деді ол кісі. Содан Баян-Өлгей аймағының әкіміне келісім-шарттың тезірек жасалуына ықпал етуін сұрап хат жібердік. Хаттың жауабы келместен жолға дайындалдық. Себебі жоспарланған уақыттан қалуға болмайды, бізде уақыт тығыз еді. Сонымен тамыз айының 9 күні жоба жетекшісі С.Самашев пен ғылыми

Монғол Алтай петроглифтер кешендерін қорғау әкімшілігінің бастығы, доктор (PhD) Өмірбек Бикұмарұлымен де кездесіп, өлкедегі тарихи ескерткіштер жайлы мағлұмат алдық. Келесі күні Баян-Өлгей аймақтық мұражайына бардық. Бұл мұражай алғаш 1948 жылы жергілікті жерді зерттеу кабинеті атауымен орнап, 1988 жылы мұражайға арналған ғимаратқа ауысқан. Мұражай үш қабатты. Табиғат, тарих, этнография және құрбан болған батырларының құрметіне арналған мұражайда 6000 дана жәдігер сақталуда. Экспедиция мүшелерінен Мерей екеуіміз бұл мұражайда екінші рет болып тұрмыз. Осыдан екі жыл бұрын да келіп, мұражайды тамашалап, басшысы Айшагүл ханыммен танысқан едік. Аралап көріп, өзімізге қажетті ақпаратты алған соң мұражай басшысымен келісім-шарт мәселесін пысықтадық. Айшагүл Азаматқызы келісім-шартқа қарсы емес екендігін, алайда қол қою үшін Баян-Өлгей аймағының басшысымен кездесіп, Монғолия Сыртқы істер министрлігінің рұқсатын жылдам алуымызды сұрады. Сөйтсек, гәп мынада екен. Қазіргі әлемде болып жатқан геосаяси жағдайларға байланысты Монғолия мемлекеті Баян-Өлгей аймағының Қазақ елімен тым жақындасып кетуінен (Қазақстанға қосылып кете ме деп) үрейленеді екен. Бұл қауіп 2014 жылы Ресейдің Украинадағы Қырым аралдарын аннексиялағаннан кейін пайда болған сияқты. Себебі Баян-Өлгей - қазақ ұлты көп орналасқан аймақ. Ал Монғолиядағы



“Баян-Өлгей аймағы халқының саны шамамен 91 мың 470 адамды құрайды. Халқының 93 пайызына жуығы қазақтар. Монғолиядағы қазақтары ең көп шоғырланған аймақ болып табылады. Ал Өлгей қаласындағы халық саны – 34 000.”

мәдени, ғылыми-зерттеу жобаларын жасау мақсатында келісім-шартқа қол қойдық.

Жоспарлап алған жұмыстарымыз аяқталған күні Шынарбек әріптесіміз жұбайы Мөлдір екеуі бізді Өлгей қаласының шетінде орналасқан қонақ үй демалыс орнына апарып қонақ қылып, сый-сияпаттарын жасады. Бұл жердегі қонақ үйлер арасында нағыз қазаки, барлық жабдығы ағаштан жасалып, сырты қалың құрым киізбен жабылған киіз үй бар екен (қаңқалары біздегідей темір емес). Даланы мекен еткен нағыз көшпенді бабаларымыздың әдісімен кептіріліп сүрленген еттен дәм татқан біз енді «бұрынғы ата-бабаларымыздың аура-сын сезінейік» деп Самат, Мерей үшеуіміз сол киіз үйге қонуды ұйғардық. Жалпы, Монғол жерін мекендеп отырған қазақтар көшпенділердің салт-дәстүрін өте жақсы сақтап қалған. Ертесіне ел жаққа жиналып, қайтадан Ресейге шығып кеттік. Қош-

Ағаштағы Төбелер ауылына келсек, мұнда Оразай ағамыз бен Шағиза жеңгеміз екеуі бізді күтіп отыр екен. Біз Оразай ағамызға келе жатқанымызды және жұмысымыздың мақсатын күні бұрын телефон шалып хабарлап қойған едік. Бұл жердегі мақсатымыз – кезіндегі Жазатырдағы ағайынның ары Шүй даясына барған кезде алғаш мекендеген Қаратал деген жеріндегі қазақтардың мазарларынан рулық таңба мен белгі іздеу еді. Оразай ағамыз бастап, біз қостап біраз жерді шарладық. Бірақ іздеген белгі-таңбамызды таба алмадық. Есесіне мазарларды аралап жүріп, Өбдікерім болыстың қызы Бағиланың баласы Боштайдың зиратына кездестік. Тоқтап бір аят сүремізді оқып бет сипадық.

Осы сапарымызда «Қазақ – қонақжай халық» деген сөздің рас екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздім. Бірде-бір рет кездеспеген, тек қана әлеуметтік желі немесе телефон арқылы танысқан Ресейдегі де, Монғолиядағы да қазақ ағайындардың бізді бұрыннан танитын туысындай қарсы алып, қонақ қылып күткендерін көргенде өз ұлтымыздың басқалардан бір саты жоғары екендігін сезініп, марқайып қалады екенсін. Оразай Алтайұлынан жобамызға байланысты қажетті ақпараттарды алған соң алыстағы ағайынмен қимай қоштасып, елге жүріп кеттік.

**Алмас Сарбасов,
“Берел” музей-қорығы**



қызметкер Б.Сиражева бастаған топ жолға шықтық. Жол-жөнекей, Өскеменнен экспедиция құрамына журналист Мерей Қайнарұлы қосылды. Өскеменнен таңғы 5:00-де шыққан біз сол күні Барнаул мен Бийскті басып өтіп, түнделетіп Алтай Республикасының астанасы Горно-Алтайск қаласына жетіп, қаладан шыға берістегі Манжерок ауылына тоқтадық. Бұл жерде бізді Ақжол деген қазақ бауырымыз дастарханын жайып күтіп алып, қонаға орналастырды. Жолдың ұзақ екенін ескере отырып, ертемен тағы да жолға шығып, кеш түсе Қош-Ағашқа жетіп, қонақ үйге орналастық. Ертесіне тағы да таң атпастан жолға шығып Ресейдегі Ташанта мен Монғолиядағы Цага-Нуур шекара бекеттерінен өтіп, Өлгейге жеттік.

Баян-Өлгей аймағы халқының саны шамамен 91 мың 470 адамды құрайды. Халқының 93 пайызына жуығы қазақтар. Монғолиядағы қазақтары ең көп шоғырланған аймақ болып табылады. Ал Өлгей қаласындағы халық саны — 34 000.

Бізді Өлгейде Шынарбек Сейітханұлы деген әріптесіміз күтіп алды. Сол күні

жалпы халық саны: үш миллион алты жүз мың адам. Сондықтан ол елдің қауіпсіздік қызметі біздің елмен болатын біраз байланыстарды шектеп отыр, келісім-шарттардың әрбір сөзін үтір, нүктесіне дейін тексереді.

Сол күні түстен кейін Баян-Өлгей аймағының әкімдігінде аймақ әкімі Заңғар Есентайұлымен кездестік. Жалпы біздің елмен салыстырғанда ол жактың әкімінің қабылдауында болу жеңіл сияқты көрінді. «Бізде облыс әкімдігінің қабылдауына, аяқ асты ешқандай тіркеусіз, дәл осылай тез кіре алар ма екенбіз» деп ойлап қалдым. Заңғар Есентайұлы бізді құшақ жая қарсы алып, сол жерде мәселемізді шешіп берді. Қазақстанмен байланысты арттыру бойынша жасап жатқан жұмыстарымен таныстырып, алдағы жоспарларымен бөлісті. Жұмыстарымыз реттелген соң “Берел” музей-қорығы мен Баян-Өлгей аймақтық мұражайы арасында біріккен бағдарламаларды іске асыру, ынтымақтастықты реттеуге басымдылық беру, музей қызметкерлерінің тәжірибе алмасуын жолға қою және бірлескен

